

Садовый ауылдық округінің Садовое ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 29/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 маусымда № 4274 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 74/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 30.10.2018 № 74/01 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ірі қара малдың арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты, Садовый ауылдық округінің Садовое ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Ветеринариялық-санитариялық, сауықтыру және шектеу іс-шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Шайжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің

Осакаров аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ *А. Абдикаримов*

2017 жылдың _____

